

Аудан орталығындағы М.Горький атындағы мектепке Жамбыл АҚЫЛБАЕВТЫҢ атын беру туралы пікір әбден пісіп жетілген еді. Ауыл әкімінің есеп беру жиналысында осы мәселені аудан тұрғыны Егінбай Кенжебаев айтып қалды. Ертеңіне Егінбайды өзіме шақырып, көтерілген мәселе жерде қалмас үшін не істеу қажет екенін түсіндірдім. Егінбай азаматтардан қол жинауға кіріскен. Өзім де біраз жұртпен тілдесіп, пікір топтастырдық. Бірен-саран болмаса көпшілік өте қызу қолдады. Аудан басы түгілі көршілес ауылдар, Ақжал кенігінің тұрғындары қол қойыпты. Мыңдаған адам пікір білдірген бұл жағдай дұрыс шешім тауып, осы жылдың Үт айында М.Горький мектебінің атын академик Жамбыл АҚЫЛБАЕВ атына беру туралы шешімі де шықты.



ДОСТЫҢ ҒИБРАТТЫ ӨМІР ЖОЛЫ

Осы Шет ауданының тумасы, педагогика саласында айтулы еңбек еткен, академик Жамбыл Ақылбаевтың есімін осылайша көтеру - ұрпақ алдында үлгі боларлық іс.

Жас күнімізден бірге өсіп, біте қайнасқан досым Жамбыл Сәулебекұлы - мен үшін орны бөлек тұлға. Көз алдымызда келместің кемесіне мініп жүре берген достың орны ойсырап, дәл соның орнын баса қоятындай парықты азамат таппай, көңіл шарқ ұрып, өткеннің елесін іздейді. Оның ойы да, бітім бейнесі де бөлек еді. Оның жан дүниесінде туған жері Тағылы-Бұғылы, сай-саласын сан кезген Аюлы тауларының кең тынысы, әсемдігі, жазираның кеңдігі тұтастай түзіліс тапқан. Өркімнің көңілі сыр-сандық. Ап, Жамбылдың көңіл түкпірінде жатқан жаратылыстың жұмбағын, кілтін тауып кім аша алды дейсің? Оның жұмбағы анау-мынауға алдыртпайтын тереңде жатыр. Өйткені, ол жалғыз математика-физика ғылымымен шектелмеген, қазақтың дала философиясының шешімін ішіне түйген, сөз құдіретін де меңгерген талант еді. Реті келгенде, Абайдың тылсым сөз құдіретімен тоқтау айтатын.

Иә, біз Жамбылмен 5-ші класта табыстық. Кішіректеу келген аққұба бала көп шуылдақтардың ісіне араласпай, сыпайы-сырбаз мінез танытқан.

жалт еткен өлеңіне риза болып, өлеңнің астарына үңіле біліп, алуан ой ағысын, сендей соғылысқан сезім сырларына тәнті болатын. Жастық шақта Аюлы тауына жиі шығатынбыз. Сондай бір серуенімізде Аюлының Аюшатындағы тастың қуысына Марияш деген қызға арнап бір ауыз өлең жазып, қайта бір айналып келгенде көреміз деп тығып кеткені бар еді. Мен сол үңгіршеге анда-санда соғамын, сонда әлі де Жамбыл досымның сол бір шаттанған бейнесін іздеймін.

Жаны нәзік досым табиғатты ерекше аялайтын, табиғаттың төл перзенті аңдарды қатты аяған еді. Сексенінші жылдардың ортасында, қыс ішінде қияндағы Қызылту совхозы жағына барған едік. Бұл сапарды ұйымдастырған Сағынбай Медеубаев болатын. Мақсатымыз - табын жылқыға маза бермеген үйір-үйір қасқырдан малды арашалау. Екі күн жауған қардан көліктен түссек аяқ суыра алмаймыз. Сөйтіп келе жатқанда бізден үркіп, қараған арасынан шыққан түлкі қарға малтығып, қаша алмай, тіпті, домалап аунай бастады. Қапелімде мылтық гүрс етті. Далбалақтап жүгірген біреу қып-қызыл алтайы түлкіні Жамбылға ұсына берген. Қарасам Жәкенде өң-түс жоқ. Қатты ашуланғаны бет-жүзінде. «Өрі әкет! Саған кім ат деді? Даланың көркі емес пе, бұл. Неткен

болып отырған біздің үйге пәле тілегенде, ешкім кірмейтін біздің үйдің есікті ашып, Рашидтің басынан сипаған да осы Жамбыл. Сібірдегі «қажылық» сапарым бітіп елге оралғанда, сонау Алматыдан үшінші күні елге жетіп, зайыбы Роза екеуі жылап көріскен еді.

Жамбылда ұстазға тән ерекше мінез бен ыңғай жаратылысынан бар. Жастарды тәрбиелеуге әуелден ынталы екенін қатар жүрген өзіміз қатты сезінетінбіз. ҚарМУ-де ректор болып жүрген кезінде ауыл мектептеріне, оның ішінде, Шет ауданы басындағы мектептерге жиі келіп, хал-ахуалымен танысып, жоғарғы сынып оқушыларымен жиі кездесу өткізіп, олардың мамандық таңдауына оңтайлы әсер етіп жүрді. Ол әсіресе, жетім балаларды қамқорлыққа алуды басты мақсаты санады. Ол проректорлық жұмыстан кетіп, за-вакафедра болып жүргенде бір жолы мені шақыртып, екеуміз Теміртаудың ар жағындағы бір совхозға жұмысқа жіберілген студенттердің жағдайымен танысуға бардық. «Әй, осы балаларды адам бар деп ескеріп жүрген біреу бар дейсің бе? Менің тікелей міндетім болмаса да жағдайын білейік» деген еді. Өзі қызмет атқарған жоғарғы оқу орнында әр факультеттің қазақ бөлімін ашуы да ауыл жастарына деген айрықша қамқорлығы еді.

Декан, проректор, ректор бола

Оның осы мінезі өмір бойғы ұстанымы болып өтті. Алғаш беттен-ақ сабақта алғырлығын танытты. Жетінші, сегізінші сыныптарда партада бірге отырдық.

Біз қазақша оқыдық. Қазақша оқысақ та бізді орыстың үлгісімен тәрбиеледі. Пушкин, Лермонтов, Белинскийді жаттадық. Некрасовтың «Ақын болмасаң да, азамат болу міндетің» деген сөзін Жамбыл қатты ұнатушы еді. «Азамат болмасаң, сенің адамдығыңнан елге не пайда?» дейтін. Ол сол кезде-ақ аштық пен соғыстан, целина деген пәледен жөбір көрген қазақтың күйзелісін іштей түсініп, сол халыққа азаматтың пейілі, көмегі керегін сезінген еді. Осы сезім оның Отанға деген сүйіспеншілігін ерекше ұштады.

Оның достарына деген ақпейіл, адал тілегі ерекше еді. Мектепте, институтта бірге өсіп, біте қайнасқан достары Кәсімбек, Еркін, Мейрамбек, Сәкен, Жолдыбек, Мейрам, Жамбыл Қаленов, Бекежандармен сыйластығы үзілген емес. Бірге оқыған қыздар Нағима, Бәтжан, Бақытты, Үмилә, Есен, Нәмилалармен туған бауырындай араласатын. Жолдастар кейде ренжісіп жатса, соған аса көңіл бөлмей, тігісін жатқызып, тап бұрынғыдай араласып жүре беру -Жамбылға тән еді. Ол өзіме ғана болсын деген ниет танытпайтын. Басқаның жағдайын ескеріп, жақсылық жасағысы келіп тұратын. Жетпісінші, сексенінші жылдары институтқа бала түсіру деген жең ұшынан жалғасқан жағдайға айналған. Жақының не сыбайласың болмаса балаң қаншама үздік болса да «балы жетпегеннің»

миғұла едің?» деп қатты жиренді. Мен тамылжыған жаздың көркем шағында тағы да сол жаққа сапарлас болған Жамбылдың бейнесін «Дала төсінде» деген әңгімемде суреттеген едім. Соны оқыған ол «асыра мақтап жіберген екенсің, сенің өз басыңдағы қасиеттерді маған теліп жібергендей көрінді» деген пікірінде соған ғана тән мінез жатқан.

Ол әншілерді қатты құрметтейтін. Арқаның қазақтың самал ескен кең даласындай тынысы кең, сұлу әндерін жеріне жеткізе орындайтын Гүлбаршын Ақпанова Жамбылдың үйінде жиі қонақта болатын. Гүлбаршынның осы күнгінің кей әншілеріндей домбыраны даңғұр-дұңғыр қақпай, әннің ырғағына қарай тамылжыта шерткеніне аса риза болушы еді. Қарағандыда жазғы театрдағы Жүсіпбек Елебековтің концертінен кейін сол бір әуенді ұзақ ұмыта алмай жүрді. «Не ғажап? Микрофонсыз шырқаған Жүсекеңнің әні театр ішін кернеп кетті ғой. Не деген ғажайып ырғақ, көзіңді жұмсаң бүкіл дала сағым ойнаған қалпымен көз алдыңа келіп, тербеліп тұрғандай» деп тамсанған. Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланованың ән орындауына көңілі толатын. Кейінде Айман Мұсаходжаеваның өнеріне риза болып жүрді.

Жамбылдың тәуекелге бел буғыш ерлігі де бір басына жететін. «Ер, батыр» дейтіндей соғысқа қатынасқан жоқ, соғыс деген қырғын жылдарда әлі мектепке де бармаған бала. Ерлік оның жүрегінде, азаматтығында. Бұл жерде, ұлты үшін өз басына қауіп төнсе де ер мінезін көрсете ала ма дегенге тіреледі.

жүріп өзі терең меңгерген мамандығы бойынша студенттерге дәріс берді. Сөйтіп ол студенттердің қас-қабағын да танып, олардың ғылымды меңгеру жолындағы деңгейін де дәл біліп, аса үздік студенттерді ғылым жолына бейімдей білді. Студенттерге көбірек бүйрегінің бұрып тұруы да оның осы ұстаздық танымынан еді. Ректорлық жұмыстарды атқара жүріп, педагогикалық бағыттардағы бағдарламасынан ауытқыған емес. Бұл оның жас кезінен жүрегіне жақын, бойына біте қайнасқан ұстаздық қабілетінің көрінісі болатын. Сөйтіп ол ұстаздық жолын бұл өмірде сәтті атқарып өтті.

Өмірде өз орнын таба білген Жамбыл ғылымға өз ізін салып, оның күрмеуі қиын, шешімі құпия, шығар биігі тайғанақ жартасына құлаш ұра білді. Тынбай ізденіп, неше алуан қиындықты көре жүріп, алдымен ғылым кандидаты атағын қорғап алды. Сол қиындықты көзімен көрген досы Ибадулла Арыстанов «аэродинамикалық құбырдың гүріліне жан шыдамастай еді. Байқасайшы, мынаның осыншама қатты даусы денсаулығыңа зиян болма-сын дейтін едім. Ал, Жамбыл «ізденген екенсің, жетесіне жете зерттеу керек» деп жауап беретін. «Бәрібір мен сол зерттеулер Жәкеңнің денсаулығына әсер етті деп ойлаймын» деген еді.

Университетте аға оқытушылық қызметін атқарып жүрген ол кешікпей теориялық физика кабинетінің меңгерушісі, физика факультетінің деканы, ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, университеттің оқу ісі жөніндегі проректоры болды.

қатарында болып қала береді. Жамбыл менің інім Бурханның да, онан кейінгі өз балаларымның да нақты, шын бағасын алуын қатты қадағалап, институтқа түсуге жолын ашқан еді.

Жамбыл ұзақ жылдардан кейінгі үзілістен соң, әрі саясат туғызған кедергілерден аса қиналып барып баспадан шыққан менің «Дос көңілі» кітабым жарық көргенде өзімнен бетер қуанды. Кітапты, баспа, ішіндегісінің ең нәрлілерін алып тастап, жұқа етіп шығарған еді. «Әбден қуартқан екен. Авторына мені жаза салсаң ғой, бұлар тура екі елі етіп шығаратын еді» деген қалжыңын да айтып, біраз күлдірген.

Оның жөнсіздік атаулыға жаны қас жан еді. Қазір мына тәуелсіз елімізде еш жаңалық ашпаған 800 академик барын, еш зерттеумен шұғылданбаған «доктор-наук» дегендерде сан жоғын газеттер жазып жатыр. Жамбыл осы мағынасыздыққа сол кезде қарсы шыққан еді. Біреуді біреудің сүйеп, сүйреп жүруін жемқорлықтың бастауы деп түсінетін. Университетте аға оқытушы болған жары Халиманы өзі басқарған жоғары оқу орнына жұмысқа қабылдамады. Күйеуі, әйелі, баласы боп бір жерде қызмет істеу өрескелдік қана емес, сыбайластықтың есігін ашқызады дейтін ол.

Жәкең ақын болмаса да ақынжанды азамат еді. Сонау мектеп қабырғасында жүргенде, онан кейін де кей ақынның

Иә, 1962 жылы тәуелсіздікті аңсаған жасырын ұйым ЕСЕП-ті құрғаным үшін түрмеге түстім. Талайлар менен басын ала қашқан, тіпті, бірге оқыған біреудің үйіндегі менің суреттерімді жыртып, отқа тастағанын естідім. Ал, Жамбыл ше? КГБ-ның тергеушісі айтады: «сенің әнебір досыңда ес бар ма? Кәмел «халық жауы емес. Ол жау болса мен де жаумын» дейді. Өзі не қылған неме?». Осы жағдай туралы политехникалық институттың ғылыми қызметкері, деканы болған Ибадолла Арыстанов естелік айтқан еді. «Жамбыл мені ертіп КГБ-ның түсі суық ғимаратына барды. Өлдебір сұр киімді адаммен кездескенбіз. «Неге отырғызасындар Кәмелді? Жазығы не оның? Онда біз де жаумыз!» деп өзеуреп барды. Байқаймын, КГБ бізді алдап, дұзаққа түсіргісі келгендей Жамбылды сүйрелеп сыртқа зорға алып шықтым».

Осындай қадамға барған Жамбылды ер, батыр демеске бола ма?

Айтпасқа болмайды, сол жылы мектепті бітірген інім Рашид бүкіл сыныбымен қой бағуға баруға қарсы шығып, «қаладан орыстың да баласын әкеліндер, орыс-қазақ тең болайық, әйтпесе, бармаймыз», -деп жиналыста көнбес пікір айтқан. Сонда айтақшыл бір мұғалім (марқұмның есімін атамай-ақ қоялық, кешірім сұраған еді) «мына халық жауының інісінің көзін құрту керек» деп, онсыз да қара жамылғандай

Жәкең - 1986-1991 жылдар аралығында Гурьев педагогикалық институтының ректоры. 1991 жылдан Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің ректоры. Ол ғылыми жұмысын үнемі жалғастыру үстінде болды. Күні-түні талмай еңбек етіп, бұл жұмыстың да бетін қайырды. Ш.Шокин атындағы Қазақ энергетика ғылыми-зерттеу институтында техника ғылымдарының докторы атағын алу үшін докторлық диссертациясын жоғары дәрежеде қорғады.

Жамбыл Сәулебекұлы 1996 жылы Қазақстан Жаратылыстану Ғылым академиясының академигі болып сайланды.

1997 жылы Халықаралық жоғарғы мектеп ғылым академиясының академигі атанды.

Ғылым саласындағы еңбегі өз биігінен көрінері хақ. Оның ғылым саласындағы ізденістері біраз қазынаның бетін ашты.

Жамбыл Сәулебекұлының өмір жолы мен ғылыми өсу кезеңіне көз жүгіртсек, біз оның алдына мақсат қоя білген үлкен тұлға, білім мен ғылымды зерттеу ісінде қажымай еңбек еткен, жас ұрпақ үшін тынымсыз тер төккен айтулы азамат екенін танимыз. Оның өмір жолы ұрпаққа үлгі.

**Кәмел ЖҮНІСТЕГІ,
жазушы.**